



БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ КӘСІБИ ДАЙЫНДАУ ЖҮЙЕСІ

Оразов Ш.Б п.ғ.д., профессор
Әмитова Ж.Т. магистр-оқытушы
Қазақстан Республикасы

Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті

E-mail: orazov.shamurat@mail.ru

Zanel.amitova@mail.ru

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15078079>

***Аннотация.** Педагогикалық кадрларды кәсіби педагогикалық жағынан дайындауда республика мектептері үшін жоғары білімді мұғалім кадрларын дайындау мақсатында оқу орындары оқу жоспарын қайта қарастырылып, педагогикалық пәндердің көлемін арттыру маңызды. Студенттердің көбінің мектепке жұмыс істеуге қызығушылығын арттыратын практикалық қажеттігін ерекше атап өткен жөн.*

Әрбір педагог кәсіптік іс-әрекетін жобалаудың әдіснамасы мен технологиясын игерген, өз жұмысында оңтайлы әдістерді ойлап табуға және оны іске асыруға қабілетті болуы керек.

Кәсіптік іс-әрекет туралы рефлексивті білімдерді игерудің заңдылықтары педагогикалық білімнің құрамдас бөлігін құрайды. Сондықтан студенттердің педагогикалық пәндерді білудегі мақсат – кәсіби міндеттері мен мазмұнын жетік игеруде, болашақ педагогтің өзін-өзі түсінуі мен дамытудың, іс-әрекеттері мен мінез-құлықтың даралық сипаттарын қалыптастыруы мен өзге де қасиеттерінің өрістеп отыруына ықпал етеді.

***Кілт сөздер.** педагог, психология, педагогика, студент, практика, болашақ маман.*

Болашақ мұғалімді кәсіби педагогикалық дайындауда мұғалімдік мамандыққа сүйіспеншілігін тәрбиелеуде, мектепте оқу және тәрбие жұмысына қажетті іскерлік пен дағдыны қалыптастыруда педагогикалық институттарда және университеттерде бұл пәндерді оқытудың алатын орны ерекше. Болашақ мұғалімдерді психологиялық, педагогикалық дайындаудың мазмұнын жетілдіру бірден бір өзекті мәселе.

Егер мұғалім шәкірт психологиясын терең түсінсе, оқыту әдісін, тәрбие өнерін меңгере білгенде ғана бұл міндетті жемісті орындай алады.

Жоғары оқу орындарында оқытылатын «Мамандыққа кіріспе» курсы педагогикалық мамандықтың мәнін ашып көрсетіп, болашақ маман дайындаудың кәсіби жүйесімен бұл процестегі өз бетімен жұмыстың рөлімен таныстыруда мәні зор. Осыған орай, педагогика пәні бойынша лекциялық және практикалық сабақтарды өткізгенде оқытылатын материалды қазіргі мектептің өмірімен тығыз байланыстырып, студенттерді жаңа педагогикалық идеялармен хабардар етуге барлық күш жігерді жұмсау қажет. Педагогикалық жоғары оқу орындарында негізгі пәндер ретінде психология ғылымының салалары: жалпы, жас ерекшелігі, педагогикалық, әлеуметтік психология, еңбек



психологиясын оқытып үйренуталаптары қойылады[1]. Біздің пікірімізше, педагогиканың, психологияның білім мазмұнын осындай жолмен қалыптастыру әдіснамалық тұрғыдан дұрыс, өйткені қабылданған нормаларға сәйкес психологияның әрбір саласы қолданбалы өз ғылымының зерттеу және құру қисынына сүйенеді. Ғылыми негізде құрылған теориялық білімдерді педагогикалық практикада пайдалану үшін оларды оқып үйренумен кәсіби білімдерге айналдыруда ерекше әдіснамалық және дидактикалық нұсқаулар қажет.

Қазақстан Республикасында кейінгі жылдары жүргізіліп жатқан білім беру реформасы көптеген мәселелердің мән-жайын айқындады. Білім берудің тұтастық әртүрлі альтернативті бағдарламалармен мекемелердің түрлі типтерінің пайда болуы, осы саладағы барлық мәселелерді тиянақты шешкен жоқ. «Білім беру туралы» Заңда жеке тұлғаны дамыту үшін қажетті жағдайларды жасау, жеке тұлғаны қалыптастыру жолдарын іздестіру қажетті көрсетілген.

Практикалық сабақтарды өткізу жүйесінде кәсіптік іс-әрекетті модельдеу, оқытудың белсенді әдістерін пайдалану, ойын әдістерін қолданудың әдіснамасын игеруге барлық мүмкіндіктер жасалатын болса, онда тәжірибелік дәрістердің нәтижелері соғұрлым пайдалы болмақ. Студенттердің кәсіптік педагогикалық даярлығы, оқыту құрылымындағы өзін-өзі тәрбиелеу, өз бетінше білім алуды дамытуға арналған бағдарларды қалыптастырады. Жоғары педагогикалық оқу орнында педагогтарды дайындауда әрқашанда оқушының жеке басының тұлғалық бейнесін, оның үлгілері мен тәртібін, дамуын, қалыптасуын бақылап, бағалап отыруда педагогикалық пәндер мен педагогикалық практиканың маңызы зор. Педагогикалық практика болашақ мұғалімдерге тәрбиелік әсері аса зор, ол студенттің идеялық сенімін, адамгершілік бейнесін қалыптастырады. Студенттер педагогикалық практикаға дейін ғылыми - педагогикалық нақты білімдер алуы тиіс. Болашақ мұғалімдердің педагогикалық даярлықтар жүйесін жетілдірудің міндеттері, олардың теориялық білімдерімен қаруландыруғана емес, олардың алған білімдерін мектепте, педагогикалық практика кезінде қолдана алуы. Педагогикалық практика болашақ мұғалімдер мен сынып жетекшілерін дайындаудың басты кезеңі. Олардың мұғалімдік және сынып жетекшілік қызметтерін орындай отырып, алған білімдерін сабақтарда, сыныптан тыс жұмыстарда және ата-аналар арасында насихаттауға толық мүмкіндіктері бар. Студенттердің теориялық алған білімдерін педагогикалық практика кезінде



шығармашылықпен қолдануы бұл болашақ мұғалімдердің кәсіби толысуына әсері зор.

Педагогикалық практика кезінде болашақ мұғалімдер теориялық іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруға арналған практикалық тапсырмалар жүйесін орындайды[2]. Оларға педагогикалық практиканың пассивті және активті түрлеріне жеке-жеке тапсырмалар беріледі. Педагогикалық жоғары оқу орындарында пассивті практика бірінші, екінші курстарда, ал активті практика үшінші, төртінші курстарда өтіледі.

Студенттердің дене тәрбиесі бойынша теориялық білімдерінің, іскерліктері мен дағдыларының терең, жүйелі және әсерлі болуы олардың педагогикалық даярлықтарының басты көрсеткіші. Болашақ мұғалімдердің сабақ беруге даярлық көрсеткіштері олардың білімдерінің нақты, терең, жүйелі болуы, сол білімдер арқылы оқушыларды жаттықтыру іскерліктерімен және дағдыларымен қарулануы деп түсінукерек. Педагогикалық практика кезінде істелген студенттердің жұмыстары курстық және дипломдық жұмыстарда кеңінен пайдаланылса тиімді.

Ғылыми прогресс өркен жайған қазіргі жағдайда жоғары оқу орындарында мектеп үшін оқу тәрбие жұмыстарын шығармашылықпен жүргізе алатын мұғалім - тәрбиешілер дайындаудың теориялық деңгейін көтерудің маңызы ерекше. Үнемі көбейетін ақпараттар тасқыны жағдайында жастардың жан-жақты дамыту мұғалімнің өзінің ғылыми теориялық білімін күнделікті көтеруді талап етеді. Қазіргі мектепке өз пәні бойынша сабақты тартымды өткізуімен қатар, оқушыларды ғылым мен техниканың жетістіктерімен қызықтыра алатын мұғалім қажет. Соған байланысты жоғары оқу орнының студенттері бойында өздерінің болашақ қызметіне зерттеуші ретінде қарауға деген ұмтылысты қалыптастырудың ерекше маңызы бар[3]. Бұл міндетті үйірме мен курс жұмыстарына, студенттердің ғылыми конференцияларына қатысуарқылы, әсіресе, педагогикалық практикада нәтижелі шешуге болады. Нақ осы формалар студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысына араласып, өз бетімен қызмет істеуге, дағдылануына мүмкіндік береді. Ал мұның одан кейінгі педагогтік қызметте ерекше маңызы бар.

Қазіргі кезде жоғары оқу орындарындағы студенттердің ғылыми – зерттеу жұмыстары олардың болашақ қызметіне байланысты және пайдасы зор. Практикадағы ғылыми – зерттеу жұмысында қалыптасқан белгілі бір жүйенің болуы студенттің оқу тәрбие қызметіндегі белсенділігінің арта түсуіне педагогикалық практиканың тиімді өтуіне игі ықпалын тигізеді. Осыны



ескеріп, студенттерді ғылыми-зерттеу жұмысына қатыстыруды алдымызға міндет етіп қойып, онда мынадай мақсаттарға жетукөзделеді:

- 1 Студенттерді оқуға, сабақ берумен тәрбие жұмыстарын жүргізуге қызықтыру.
- 2 Болашақ мұғалімдерді өз бетінше жұмыс істеуге дағдыландыру.
- 3 Студент - практиканттардың ғылыми - зерттеу жұмыстарына қабілеттілігі мен икемділігін арттыру.
- 4 Алған білімдерін практикада шығармашылықпен қолдана білуге үйрету.
- 5 Студенттерді ғылыми - әдістемелік әдебиеттермен жұмыс істеуге үйрету, курстық және дипломдық жұмыстарын орындауға дайындау.
- 6 Студент - практиканттардың ғылыми - зерттеу жұмысын мектептегі сыныптан тыс тәрбие жұмысымен байланыстыру[4].

Жоғары оқу орындарында мектепке болашақ мұғалімдерді дайындау мақсатында мына шараларға көңіл бөлінуі қажет: болашақ мұғалімдерді мектептің тәрбие жұмысына дайындау жүйесінде оқу- тәрбие практикасы негізгі орын алады, ол педагогикалық білік пен мұғалімнің еңбек дағдысын қалыптастырады. Оларды кәсіптік бағытқа тәрбиелей отырып, сабақ әдістерін, тәсілдерін игереді.

Оқушылармен жүргізілетін болашақ мұғалімдердің тәрбие жұмысының сапасы педагогикалық практиканы өткізу әдістемесіне, мазмұны мен міндеттеріне, өткізу уақыты мен мектептің мұғалімдері және басқару жүйесіне байланысты. Студенттерді педагогикалық практикада шығармашылық қызметке дайындау үшін, оқыту әдістерін зерттеу әдістерімен біртіндеп жақындастыру қажет. Атап айтқанда, дидактикалық бақылауды, оқу құжатының зерттелуі мен құрастырылуын қолдану өте-мөте маңызды. Осындай әдістердің пайдаланылуы, оқушылардың алдында тәрбиелеумен оқыту процестерінің ерекшелігін анағұрлым толық ашуға, олардың танымдық қызметін жандандыруға мол мүмкіндік береді.

Интеллектуалдық белсенділік студенттердің практика кезінде өз беттерімен жұмыс жасау бейімділіктерін игеруінен, бар білімдерін болашақ практикалық қызметі үшін пайдалануға ұмтылысынан байқалады. Мұндай қасиеттері арнаулы пәндерді, соның ішінде педагогикалық пәндерді оқыған кезде көрінеді, өйткені осы пәндерді білуі болашақ маманның кәсіби даярлығын айқындайды.



Студенттердің дербес жұмысы бірнеше себептерге байланысты, тек қана білімді өз бетерімен игеру дағдыларына үйреткенде ғана, олардың алған білімдерін сыни ой елегінен өткізіп, шығармашылықпен қолдану шеберлігін қалыптастыруға болады[5]. Бұл болашақ педагог үшін тәрбие және оқу қызметінде айрықша мәнді.

Сабақта оқытушының басшылығымен оқулықпен және басқа әдебиетпен дербес жұмыстың қолданылуы, студенттердің педагогикалық материалдармен жұмыс істеуге, кітаппен тиімді жұмыс әдістерін игеруге, оқығанын сыни тұрғыдан түсінуге үйретеді. Студенттердің жұмыстары тек қарапайым оқумен айтып беру механизмдеріне сүйеніп қана қоймауы үшін, тапсырмаларды тек өз беттерімен оқунегізінде ғана орындауға болатындай, практикалық сипаттағы міндеттерді шешутүрінде де берукажет.

Сабақта жаңа материалды оқыған кезде, оқушылардың дербес жұмысын пайдалану тәжірибесі, осындай жұмыс түрі мұғалімнің тақырыпты түсіндіруінен көбірек уақыт алады деген пікірді толығымен жоққа шығарады.

Алайда, студенттердің дербес жұмысын басқа әдістермен тиімді үйлестіру керек, әрі оны оқу процесінде барлық буындардың табиғи бөлігі болып енетіндей жоспарлау қажет[6]. Бұл жағдайларда студенттердің дербес жұмысы тек білімді игеруіне ғана емес, олардың қабілетінің дамуына да ықпалын тигізетін болады. Студенттердің болашақ мамандығына деген қызығушылығы, ынта-ықыласы, олардың педагогикалық практика кезіндегі педагогтік қызметке тікелей араласуымен байланысты.

Болашақ мамандарды жоғары өндірістік еңбекке және Отанды қорғауға даярлауға көмек беру, отбасында, болашақ өндірістік қызмет жағдайларында пайдалану қабілеттерін қалыптастыру жалпы педагогиканың *мақсаты* болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Ботағариев Т.А. Дене шынықтыру және спорт теориясы мен әдістемесі. - Алматы: - TechSmith баспасы, 2018. – 239б.
2. Иванов В.В. Комплексный контроль в подготовке спортсменов. – М.: Физкультура и спорт, 2007
3. Кубиева С.С. Спорт негіздері мен кәсіптік-қолданбалы дене дайындығы. - Алматы: ССК баспасы, 2017. – 205б.
4. Құланова Қ.К., Марчибаева Ұ.С. Таңдалған спорт түрінен жалпы және арнайы дене дайындығы. -Алматы: - Эверо баспасы, 2017. - 162б.
5. Smith, J. R. "The Fundamentals of Relay Racing: Techniques and Strategies." Human Kinetics, 2017
6. "The Importance of Relay Races in Sports Education" by Torres-Sáez, Ana Belén, et al. Journal of Human Sport and Exercise, 2019.